

Наурыз - жерімізге құт-береке, елімізге - бақ-мереке сыйлайы!

АМАНГЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224

Жансұлтан ТАУКЕНОВ,
Амангелді ауданының әкімі

Құрметті аудан тұрғындары!
Ардақты ағайын!

Сіздерді ұлттық мерекеміз, Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлыстың ұлы күні – тіршіліктің түп-тамыры, жақсылықтың жаршысы, тазалықтың бастауы, еңбек пен бірліктің насихатшысы. Сондай-ақ Күн мен түннің теңелетін, Жер-Ананың түлейтін шағы.

Жалпы тіршілік атаулының бәрі еңсесін тіктеп, еңбекке кіріседі. Тәуелсіздікпен бірге қайта түлеген Ұлы мерекемен бірге әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүріміз санамызға берік орныға бастады, ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, жаһандық өркениет көшіне нық қадам басып келеміз. Елбасының сарабал саясатының арқасында іргесі бекем, ынтымағы берік, әлеуеті зор мемлекет ретінде қалыптастық.

Ауданымыздың наурыздан наурызға дейін қол жеткен табыстары да аз емес. Жылдан жылға экономикамыз бен мәдениетіміз өсіп, халқымыздың әлауаты жақсарып келеді.

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт – береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Қой жылында баршаңызға амандық, саулық, дастархандарыңызға молшылық тілеймін!

Өрқашан да елімізде тыныштық пен бақ-береке орнап, Тәуелсіз қазақ елінің мәртебесі өсіп, іргесі нығая берсін.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!



Әділ САМАТОВ,
аудандық мәслихат хатшысы

Құрметті жерлестер!
Ардақты майдангер ақсақалдар мен еңбек ардагерлері! Барша қауым!

Сіздерді жер бетіндегі ежелгі мерекелердің бірі, көктем мен жаңару мерекесі-Наурызбен құттықтаймын! Бүгіндері Наурыз мейрамы көп ұлтты Қазақстанның жарқын да көңілді мерекелерінің бірі, еңбек пен бірлік мерекесі. Біз мейрамды саяси тұрақтылық жағдайында қарсы алып отырмыз және бұл бізге ең батыл ой жоспарларды, пайдалы идеялар мен бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңесі елімізде кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу туралы бастама көтерген, халық тарихындағы тағдырлы кезең. Болашақ өмір баршамызды аландатады. Ел ішіндегі татулық пен достық қатынас нығая беру үшін, біздің баршамыз бұл науқанға үлкен жауапкершілікпен атсалысамыз.

Жаңа жыл баршаңызға жарқын идеялар ала келсін және олардың өмірде сәтті іске асуын тілейміз. Жаңа жылда бастаған барлық істеріңіз жемісті, табысты болсын. Біздің өмірімізге тірек болатын осындай ізгі істер ел ырысын еселеп, бірлігін нығайтуға ықпал етсін. Аудан халқының тұрмыс-тіршілігі арта берсін. Қазақтың алтын бесігі- ауылдарымыз көркейіп гүлдене берсін. Жаңа жыл қарсаңында баршаңызға отбасылық береке-бірлік, молшылық пен саулық тілеймін.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Қой жылы елімізге жақсылықтар әкелсін!

ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТҮЛЕТКЕН ТЫНЫБАЕВТАР Үрпек ақылдық округінің мақтаныштары



Аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Жанар Мұздаханова мен осы орталықтың бас маманы Мұратбек Әбдіков «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша өткен жылы ауданымызда бір топ жастар мемлекеттен несие алып, төрт түлік мал өсіріп жатқаны туралы ризалықпен айтты. Олар сол жастардың арасынан Үрпек ауылдық округіне қарасты Ағаштыкөл ауылының тұрғыны Бүркіт Мырзағалиұлы Тыныбаев деген азаматтың ерекше еңбек етіп жатқанын үлгі етті.

Сонымен, келесі күні біз Ағаштыкөл ауылына барып, Бүркітпен жолықтық. Десе дегендей, Бүркіт - қой, ешкі, ірі қара мен жылқы малдарын өсіріп отыр екен. Өткен жылдың күзінде жоғары айтылған бағдарлама бойынша 2 400 000 теңге несие алып, оған 9 жылқы



сатып алыпты. Қазіргі таңда Бүркіттің жеке меншігінде - 25 жылқы, 150 қой, 30 ірі қара бар екен. 25 жылқының 20-сы бие екен. Сол биелер қазір төлежіп тұрғанын көрдік.

Бүркіт - аңқылдаған ақ көңіл, елгезек азамат болып шықты. Қолынан іс келетіні көрініп тұр. Өткен жылы ауылдағы үйіне еурожөндеу жасапты. Сол сияқты, мал қорасын да жақсылап жөндеп шыққан. Алған жерім төрт түлік мал өсіруге жасалған. Шөп қоры мол.

- Шөбім мол болғанымен сарғыш. Себебі шаруамен жүріп, пішенді ерте әзірлеуге қолым тимеді. Әйтпесе, тракторым да, орағым да бар. Енді Алла қаласа, биыл шөпті құнарлы етіп дайындап алмақпын. Шабындығым Көкелен деген жерде. Ол Ағаштыкөлден 15 шақырым қашықтықта. Ал жайлауым Торғай жағасында, бір шеті - Құрайлымен шектеседі. Алған жерім төрт түлік мал өсіруге қолайлы, - дейді Бүркіт.



Бүркіттің зайыбы Самал Нағашыбайқызы Оспанова - көршілес Жанкелдин ауданының Торғай ауылдық округінің қызы екен. Отбасыларында ұйған сыйластық мол. Бүркіттің әкесі Мырзағали Тыныбаев ақсақал 1929 жылы туған, кезінде тылда балада болса ерекше еңбек еткен. Өзінің тетелес ағасы Назармен бірге Ағаштыкөл ауылының барлық шаруасына қолқабыс жасаған. Соғыс аяқталған соң да, еңбек етіп, одан соң Әулікөзіндегі механизаторлар дайындайтын училищеде оқып, білім алып келіп, көп жыл Иманов атындағы совхозда механизатор болған. Кейін елімізде қой санын 50 миллионға жеткізу жөнінде ұран тасталғанда совхоз басшылары Мырзекеңді шопандыққа шығарыпты.

(Жалғасы 8-бетте)

Сайлау - 2015

ҚОЛДАУ ШТАБЫ ҚҰРЫЛДЫ

2015 жылдың 13 наурызы күні сағат 16-да «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының конференция залында Қазақстан Республикасының Президентіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдауға орай құрылған аудандық штаб жұмысының басталуы туралы брифинг өткізілді. Оны аталмыш филиал төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ташимов ашып, жүргізіп отырды.

Ол штаб мүшелеріне 2015 жылдың 11 наурызы күні Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында Елбасы, партия көсемі Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI құрылтайы туралы жан-жақты әңгімелеп берді.

Абзал Қамбарұлы мұнан соң «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Заңына сәйкес Президенттікке «Нұр Отан» партиясы ұсынған үміткер Н.Назарбаевты қолдауға орай құрылған аудандық штабтың тұсаукесерін өткізді. Ол сонымен қатар, дәл осы күні республикамыз бойынша барлық жерде осындай штабтар құрылғанын, республикалық штабты белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті журналист-ғалым Мұхтар-Құл-Мұхаммед басқаратынын айтты. Сондай-ақ ол «Нұр Отан» партиясы ұсынған үміткерді «Ауыл, «Ақ жол» демократиялық, «Қазақстан патриоттары» және «Бірлік» партиялары қолдап отырғанын баян етті. Сондай-ақ ол штаб мүшелерін аудандық сайлауалды қолдау штабының жұмыс жоспарымен таныстырды.

Қазақстан Республикасына Президенттігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдауға орай құрылған аудандық штабтың құрамы 7 адамнан тұрады. Олардың қатарында: мәслихат депутаттары, заңгер және жастар мен БАҚ өкілдері бар.



Таяуда «Жетісу» телеарнасында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев туралы хабар берілді. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы:

- Менің әкем XX ғасырдың басында туып, бүкіл өмірі сол ғасырда өтті. Көрмеген бейнеті жоқ. Жалғыз менің әкем ғана емес, оның барлық замандастары өмірден еш рахат көрмей өтті, - деді.

Шындығында да, Елбасымыздың осы сөзі - өткен XX ғасырдың ар жақ, бер жағында дүниеге келіп, өмір кешкен барлық ата ұрпақтың тағдыры туралы айтылған аталы сөз болды. Олардың көрмегені жоқ. Қазақстандағы 1916 жылғы Азаттық көтерілістері, 1921, 1932 жылдардағы алапат аштық, 1928 жылғы тәркілеу, 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі қиын кезеңдер солардың тала-нына тап келді. Өкінішке қарай, қазақ баспасөзі кешегі күнге дейін еліміз кемеліне келген кездегі со-вхоz директорлары туралы көп жазып келді де, әрідегі жоқ-жітік кезде колхоз, фер-ма басқарған әкелердің еңбегі туралы дендеп жаз-бады. Олардың аштықпен күрескенін, сондай-ақ 1932, 1937-38 жылдардағы тартқан тауқыметін жазуға келгенде кенестік жүйеден қаймықты. Кеңес өкіметін «Жаксы жағынан ғана көрсетуіміз керек» деген әсіркекшыл саясатқа ұрынды. Сондықтан олардың еңбегі көп айтылма-ды. Ал шындығына келгенде Елбасымыз айтқандай еліміз дәуірлеген, дамыған тұстағы совхоздардың «Қызыл ди-ректорларынан» гөрі бүкіл өмірі бейнетпен өткен колхоз төрағаларының еңбегі ересен болатын. Сондай жандардың бірі - Бисапақ Шаяндин ақсақал еді.

Ол кісінің ерен еңбегі туралы Жүніс Байжұмин, Бақытжан Жухин сияқты ұрпақтары тебірене әңгімелейді.

- Бисапақ әкей - біздің ата-мыз! Ол кісінің атамекені Қарынсалды өзенінің бойы. Сол жерді ақташы, байтажы рулары ұзақ уақыт жайлаған. Қазіргі Қарынсалды

Еңбек Ерлерінің ісі - елге мұра, ұрпаққа ұран

ШАЯНДИН ШАРАПАТЫ НЕМЕСЕ МАРҚҰМ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ, БҰРЫНҒЫ МОЛОТОВ КОЛХОЗЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БИСАПАҚ ШАЯНДИН ТУРАЛЫ СӨЗ

ауылының келесі бетінде Шойынбай Қарасуы деген жер бар. Бисапақ әкеміз сол жерде туған. Жасынан байлардың малын баққан. Әкелері тақыр кедей болған. Ол кісі 1897 жылы өмірге келіп, 1917 жылға дейін сол маңдағы байлардың малын баққан. 1917 жылы Совет өкіметі орнағаннан кейін кедейлерге тендік беріліп, олар әртүрлі қызметтерге тағайындала бастаған.

Бисапақ әкеміз - екі нығына екі кісі мінгендей ұзын бойлы, аса қияпатты, сұлу сақалды, салмақты мінезді, сабырлы кісі еді. Өзінің айтуынша олар қазіргі Қарасу ауылына сол 1917 жылы көшіп келген. Ол кісіге бақтың қонуы былай болған. XX ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында елге тәркілеу жүріп, байлардың малдарын Үкімет алып, ішке жіберген. Артылғандарын серіктестікке беріп, бақтырған. Сол кезде тағышы Жүндібай деген атақты байдың қорасы өртенеді. Тұн ортасы болса керек. Соны Бисапақ бірінші болып көреді. Таңертең тұрғаннан кейін «Түнде Жүндібай байдың қорасы өртенді» дейді Бисапақ маңайдағыларға. Мұны естіген Жүндібайдың баласы Қысықбас:

- Қап, әттеген-ай, әкеміздің бақ-дәулетінің көшкенін қаптаған Тағышының бір баласы көрмей, тақыр кедей Шаяндының Бисапағының көруін қарашы. Біздің бақ-дәулет - енді осыған ауады. Кедей Бисапақтың аты түбі жер жарады! - дейді.

Қысықбастың айтқаны дәл келіп, ешқандай сауаты жоқ Бисапақ «Қызылжар» серіктестігінің төрағасы бо-лады. Көп өтпей 1936 жылы Молотов колхозы құрылғанда соған төраға болып сай-ланады. Сол 1936 жылдан - 1956 жылға дейін 20 жыл бойы колхоз төрағасы болып



жемісті еңбек етеді. Мінезге бай Бисапақ қарауындағы халыққа жағады. Молотов колхозының орналасқан жері - қазіргі Қарасу ауылының бұрынғы №1 бөлімшесі тұрған маңай. Бисапақ басқарған колхозда төрт түліктің саны артады. Мал басы тез өсіп, тез көбейеді.

Колхоз шаруашылығы-ның алға басуына жасынан мал бағып, мол тәжірибе жинақтаған Бисапақтың қырағылығы мен зеректігі ерекше әсер етеді. Себебі Бисапақ төрт түлікті бағудың қыр-сырын жетік меңгереді. Сонымен қатар жер жағдайын да өте жақсы біледі. Зеректігі сондай, айсыз қараңғы түнде атпен келе жатып, жерден бір уыс шөп жұлып алып, иіскеп, «Біз қазір бөлен де-ген жерде тұрмыз» деп дәл

айтқан. Колхоздың күнделікті шаруасын назарынан тыс қалдырмаған. Малшыларды жиі аралап, малдың күйін бақылаған. Қарауындағы еңбеккерлердің тұрмысына да мән берген. Халықпен жылы амандасып, шүйіркелескен. Ешкімге қатты сөз айтпаған. Ешкімді алдамаған, өтірік айтпаған. Малшылар мен жұмысшыларды арқасынан қағып, канаттандырып отырған. Біреулер ренжісіп жатса, оларды татуласты-рып, ортақ іске жұмылдыра білген. Осындай адал еңбегінің нәтижесінде Бисапақтың басқарған колхозы да, өзі де үлкен абыройға бөленген. Оның үстіне ауыл ақсақалдары ол кезде әділдікті мықтап ұстанған. Кімнің еңбегі бар, кімнің еңбегі жоқ -

соны тура айтып отырған. Осының нәтижесінде ауылда ынтымақ-бірлік, сыйластық күшейген. 1947 жылы еңбектегі жоғары жетістігі үшін Бисапақ Шаяндинге де Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі. Сонымен қатар оның қарауында бас жылқышы болып істейтін Қошан Есболов ақсақал да еңбектегі биік жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері атанады. Бұл жағдай Молотов халқын дүр сілкіндіреді. Сол жылы Бисапақ Шаяндыұлы ер жасы - 50-де екен.

Бисапақ Шаяндыұлы соғыс кезінде тылда ерен еңбек ет-кен ел ағаларының бірі. Ол майдангерлер отбасылары-на қамқоршы болды. Жетім балаға әкелік қамқорлық көрсетті.

1956 жылы Бисапақ Ша-яндин жасы 59-ға келген соң селолық атқару кеңесінің төрағасы болып сайланады. Бұл қызметті 3 жыл абырой-мен атқарып, зейнеткерлікке шығады.

Бисапақ ақсақалдың Жап-пас атты жалғыз ер баласы болған. Ол да әкесі сияқты адал еңбегімен абыройға бөленген. Ұзақ жылдар ішкі істер саласында жоғары жауапты қызметте болған. Облысымыздың Таран және Торғай аудандық ішкі істер бөлімін жемісті басқарып, кенестік дәуірдің өзінде пол-ковник шенін иеленді. Ол кез-де полковник атану қазіргідей емес, өте қиын болатын. Пол-ковник атағы қазақтарға сирек берілетін. Жаппас ағамыз сол сиректердің бірі болды. Оның балалары да қазір әр са-лады қызмет жасап жүр.

- Бисапақ ақсақал өз қатарластары арасында ерекше кісі болатын. Оның шет-жағасын жоғарыда

айтып кеттік. Ол кісі өте әділ, инабатты, иман жүзді, уәдесіне берік, істеген ісіне мығым, өте зерек адам бол-ды. Бала кезімізде қазіргі Қарасудың ар жағынан келе жатқанымызда бізге «Ай, қарақтарым, андағы жермен өтпендер, ол жерде ұйық бар» дейтін. Сонда біз «осы шал не біледі? Судың астын тексеріп қойып па?» деп әлгі жермен әдейі жүретінбіз. Сонда ол кісінің айтқаны дөп келетін. Зеректігі сондай колхоз әкімшілігіне аудандық партия комитетінен, аудандық атқару комитетінен, немесе аудандық ауылшаруашылығы басқармасынан келетін қатынас қағаздарды сауа-ты болмаса да көзімен бір қарап шығып, көмекшілеріне оқытып, оны тезірек орын-дауды тапсыратын және сол қағаз көп қатынас қағаздарына қосылып кеткен-де көзімен өткеріп отырып, тауып алатын. Өте ыждағатты болатын. Жоғарыдан кел-ген қатынас қағаздарының уақытында орындалуын жіті назарлап отыратын. Сонда көмекшілерінің:

- Осы Бисапақтың сауаты жоқ дейді, сол бекер-ау деймін. Сауаты болмаса қағаздарды тығып қойған жерден қалай тауып алады. Ол кісіні алдау мүмкін емес. Тапсырма берсе орындалатындай етіп береді. Ұрсып, сөкпей-ақ, ақырын отырып, шаруаның бәрін істете біледі! - дегенін талай естідік.

Бір колхозда 20 жыл төраға болып жемісті қызмет жасау - оңай шаруа емес. Бисапақ әкейлер өмірлерінде еш ра-хат көрген жоқ. Үнемі ат-пен, ат арбамен жүрді. Со-лай жүріп-ақ барлық жайлау, қыстауды аралап, халықпен қоян-қолтық еңбек етті. Оның аты атаусыз қалып барады. Алдағы уақытта атақты Еңбек Ерінің, ел ағасының есімін есте қалдыру үшін тиісті іс-шаралар жасалынса, нұр үстіне нұр болар еді, - дейді Жүніс Байжұмин, Бақытжан Жухин ақсақалдар.

С.СЫҒАЙ

Суретте: Социалистік Еңбек Ері, бұрынғы Молотов колхозының төрағасы Бисапақ ШАЯНДИН.

ӨШПЕС ЕРЛІК КӨРСЕТКЕН АТАЛАРЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН



1941-1945 жылғы 2-ші Дүние жүзілік соғыста Қостанай облысы бойынша 16 мыңнан астам жауын-гер хабарсыз кетіп, майдан дала-сында шейіт болды деген дерек бар. Олардың көбісінің сүйегі де қайда қалғаны белгісіз. Ондай хабарсыз, соғыстан оралмай кеткендердің арасында біздің ауданымыздан да боздақтардың аз емес екені белгілі. Кейбір аталардың артында тіпті, ұрпақ та қалмады.

Бұл қасірет біздің де, әулетіміздің шаңырағын айналып өтпейті.

Ұлы жеңістің 70-жылдығын, бүкіл халқымыз атап өтіп жатқанда, аталарымыздың аруақтары разы болсын, топырақтары торқа бол-сын деген ниетпен бала күнімде есімде қалған, атам Нұрбайдың айтқандарын сүйікті «АА» газеті редакциясына жолдап отырмын. Біз - Байтажы руының ағасы Ожан-байдан тараған ұрпақтарымыз. Қаландыдан тараған - Тілепбай, Қалмағанбет. Қалмағанбеттің кезінде ұлы Жамбылмен айтысқан ақын екенін Нұржанов Хамза деген кісінің айтуынан естігенмін.

Қалмағанбеттен - Арғынғазы. Бұл кісі соғысқа Алматыдан аттанған. Қазақ ССР-інің әскери прокуро-ры болған, полковник шенінде, соғыстың аяқталар кезінде қайтыс болған. Әйелі Дүрия шешеміз 2 ұл,



1 қыз тәрбиелеп өсірген. Алматы қаласында Ғылым Академиясын-да қызмет істеп, зейнеткерлікке шығып, 80-ші жылдары қайтыс болған. Д.А.Қонаевтың отбасы-мен араласқанын әңгімесінде ай-тып отыратыны есімде. Артында немерелері бар. Марқұм өте жақсы адам еді. Қолынан талай дәм татып едім.

Тілепбайдан - Нұрбай, Ыбырай , Сүгірбай.

Нұрбайдан - Махмұт, Қыпшақбай, Жаңбыршы, Бәтима. Жаңбыршы жастай қайтыс болған. Қыпшақбай әкем соғысқа бармаған, елде жастайынан еңбекке арала-сып, ауданымыздағы бірталай шаруашылықта есепші, ферма меңгерушісі болып қызмет істеген. Ауданымыздағы елге сыйлы аза-



маттар - Бәйішов Қали, Меңдібаев Науан, Токсанбаев Кәрім, Ахме-тов Орман, Қойшығарин Рахым-жан сияқты кісілермен үзеңгілес болған, бірге қызмет істеген. Әкем Қыпшақбай - 2000 жылы 75 жасын-да қайтыс болды.

Нұрбаев Махмұт - ауданымызда-ғы атақты панфиловшы. Жеңіспен елге оралған. Ұзақ жылдар шешеміз Сара екеуі ағартушылық саласын-да жемісті еңбек еткен. Ұрпақтары өсіп өнген шаңырақ. Әулетіміздегі соғыстан аман оралған осы - Махмұт әкеміз ғана. Ол мек-теп директоры болды. Аудандық білім бөлімін басқарды. Абырой арқалады.

Сүгірбай атамыздан - Айтымағанбет, бұл кісіден ұрпақ жоқ. Соғыста хабарсыз кетті.



Ыбырайдан - Баймағанбет. Баймағанбет соғысқа Орал қаласынан алынған (Орал қаласында білім алып жүргенде майданға аттанған). Артында Күләш деген қыз бала қалған. Күләш тәтеміздің - Берік, Серік, Рәш деген балалары бар.

Баймағанбет атамның соғыста



жүргенде елге жазған хатын таяуда тоқсан жасты алқымдаған Бәтен деген апамыздан жазып алдым. Бұл кісі - Қараман, Амантаев Есен де-ген белгілі азаматтың шешесі. Қазір немере, шөбере көріп отырған бақытты әулеттің анасы. Аман-есен балаларының ортасында жүре беруіне тілектеспіз.

Мақсұт Қыпшақбайұлы НҰРБАЕВ

Суреттерде: Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлікпен мерт болған Баймағанбет, Арғынғазы, Махмұт аталарымның және соғысқа ауру болып қатыса алмай тылда ерен еңбек еткен өз әкем Қыпшақбай. Ал Баймағанбет атамның Бәтен әжемнен жазып алған өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмын. Өлеңді «АА» газетінің бүгінгі 6-ыңшы бетінен оқысыздар.



НАУРЫЗ КҮНГІ АҚ БАТА, АҚ ТІЛЕКТЕР

**Хайролла БӘЙДІЛДИН,**
соғыс және еңбек ардагері

Елім мен Елбасы болсын аман,
Қазағыма тамаш тусын заман.
жерім мен еліме көз алартқан,
Іштарлардың тірлігі болсын жаман.

Аллатағала әуелі жеріме берсін,
Төрт түлік өсіп, астық бітік өнсін.
Алашым іргелі 30 елдің бірі болып,
Соны халқым көрсін!

Ақ мол болсын,
Қайда барсаң жол болсын.
жаратушы ұлы иемізден,
Не тілесең сол болсын!
Әумин!

Есір ауылы.**Жұмакүл ҚҰЛЫМБЕТОВА,**
тыл және еңбек ардагері.

Халқым тоқ болсын,
Уайым жоқ болсын.
Әр шаңырақта -
Мол ақ болсын!

Алла ауданымызға бақ берсін,
Азаматтарымызға тақ бесін,
Көсемдер мен шешендерге
Талмас жақ берсін!

Наурыз құтты болсын!
Төрт түлігіміз сүтті болсын,
сыйластығымыз тәтті болсын,
Жастарымыз отты болсын!
Әумин!

Аманкелді селосы.**Амангелді САДЫРБЕКОВ,**
«Condensat» ЖШС директоры

Құрметті жерлестер! Сіздерді
жыл басы Наурыз мерекесімен
құттықтаймын! Мен өзімді Аманкелді
ауданының бір перзенті санаймын.
Қимада тусамда, өмірімнің ең тама-
ша жылдары Аманкелді ауданында
өтті. Бұл жерге 33 жасымда келіп,
совхоз директоры, одан соң аудандық
ауыл шаруашылығы басқармасының
бастығы және аудандық партия
комитетінің бірінші хатшысы бо-
лып қызмет жасадым. Осы елдің
арқасында зор абыройға бөлендім.
Наурыз аудан халқына, басшы
азаматтарға жақсылықтар әкелсін!
Астана қаласы.

**Амангелді қажы ӘБДІХАЛЫҚ,**
«Нұр Қазақстан» қажылық
компаниясының президенті

Бисмиллаһ-ир-рахман-ир-рахим!
Ұлы Аллатағалың атымен бастай-
мын. Мен даңқты халық батыры
Аманкелді атамның 50 жылдық той-
ында өмірге келген екенмін. Атым-
ды сол кісінің құрметіне қойыпты.
Әуелі Аллатағал, сосын Аманкелді
атамның аруағы мені қолдап келеді.
Қайда жүрсем де туған ауданымның
тілекшісімін. Биылғы Наурыз батыр
ата еліне тек қана ізгі жақсылықтар
әкелсін! Аудан халқы мол ырысқа
кенелсін! Төрт түлік көбейіп, дала-
мыз алтын астыққа толсын!
Алматы қаласы.

**Шолпан ТЕМЕРЖАНОВА,**
облыстық мәслихаттың депутаты

Құрметті жерлестер! Сіздерді
биылғы наурыз мерекесімен
құттықтаймын! Қой жылы тыныш
та берекелі, ырысты-несібелі жыл
болсын! Жұртымыз аман, еліміз
сау-сәлематтықта, бейбітшілікте
өмір сүрсін. Еліміз әлемдегі
дамыған 30 елдің қатарына қосылу
жолында табыстан-табысқа жете
берсін!

Наурыз - біз үшін Жаңа жыл!
Сондықтан биылғы жыл елімізге
тек қана жетістіктер сыйлағай..
Қазақстанымыз, ауданымыз өсіп-
өркендей берсін!

*Амантоғай ауылы.**Армысың, Әз ~ Наурыз!*

НАУРЫЗ ТУРАЛЫ АЛАШ АРЫСТАРЫ АЙТҚАН АТАЛЫ СӨЗДЕР

**Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ:**

«Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурыз-нама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен».

Шәкерім қажы ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ:

«Наурыз» парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Ескі қазақта (ескі түрікте) Жаңа жыл күнінің атты – Ұлыс. Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар», - деген ескі мақал.

Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ:

«Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, Хұты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер Наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады, ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт нәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді. Рустың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған

суықта келеді; біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай қыс баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп, демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерісінің кезеңінде біздің Жаңа жылымыз – Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ, ұнамды іс болар еді».

Міржақып ДУЛАТОВ:

«Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп». Біздің қазақ айранға бай болғанымен: мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз. Наурыз - қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Нау-

рызды қазақтан басқа: Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-да, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды, жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды.

Наурыз мейрамдағы адам, хайуан, жанды-жансызға бірдей секілді. Күн мен түн теңеледі. Қабағы қатыңқы, ызғарлы қыстың жүйесі босап, жан-жануар жайланып, арқасына шуақ, бауырына қара иіп, дүниенің тұсауы алынғандай болады. Қар еріп, жер жұмсап, егін-шөп, орман-тоғай тірілуге қамданғандай болады. «Наурызда Самарқанның көк тасына шейін елжірейді» деген сөз осыған мысал болса керек. Қуанышты күнін – Жаңа жылың құтты болсын, қазақ! Дүниеге көрік берген шырайлы жыл басы – Наурыз, қош келдің!».

Мағжан ЖҰМАБАЕВ:

Әр халықтың өзінше Жаңа жылы, жыл басы болады. Азияда Жаңа жыл – жазғытұрым, қазақ елінде – Наурыздың жиырма екісі. Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжам жасайды. Қазақтың Жаңа жылы – жазғытұры күн мен түннің теңелген (22 наурызда) күні болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл ретте қазақ Жаңа жылы ғылым қойнына да барып кіріп қалады.

Ежелгі түркілердің Наурызды қарсы алуы көшпелі түркілер Наурыздың теологиялық – мифологиялық мазмұнына айрықша назар аударған. Ол түркілердің Наурыз мейрамын тойлаудағы әдет-ғұрыптарында жарқын көрінісін тауып, біздерге тарихи жазбалар арқылы танылып отыр.



НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ЕЖЕЛГІ ТАРИХШЫЛАР МЕН БАЙЫРҒЫ БАБАЛАРДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ

Белгілі этнограф-жазушы Акселеу Сейдімбекұлы кезінде ежелгі түркілердің наурызды қарсы алуы жөнінде былай деп жазып кеткен-ді

«... Грек тарихшысы **Квинт Руф** (б.з.д.Іғ.) өзінің «Ескендір жорығы» деп аталатын еңбегінде Орта Азия көшпелілерінің ұлыс тойын қалай тойлайтынын тамсана жазады. Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының үстіне күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балалардың саны бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып, 365 өнерпаз бозбала тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң, бүкіл елдің батағайы абызы, Тәңірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміт-тілегін Тәңірге жеткізетін 9 күй тартқан. Бұл 9 күй міндетті түрде қобызбен тартылатын

болған. Мұнан әрі, Ұлыстың ұлы күнін тойлау бүкіл халықтық қуаныш-қызыққа ұласқан» (Квинт Курций Руф. Поход Александра. УП-УІІІ тараулар. Мына кітапта: Хрестоматия по истории древней Греции. В.В.Струвең сарабымен шыққан. М., 1951).

Байырғы қазақ елінің Наурызды қарсы алуы Қазақ халқының ежелгі наным-сенімі бойынша, Наурыздың 21-і түні даланы Қызыр аралайды. Осы аңызға байланысты бұл түн – «Қызыр түні» деп аталған. Негізінен, Қызыр – адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақ киімді ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял-ғажайып бейне, қасиетті әулие, жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен – Күн нұрының символы. 21 наурыз күні қазақтың дархан даласын кезіп келе жатқанында оның көзі жерге түссе, қара жердің кеудесі жібіп қоя береді, оның көзі (назары) тасқа түссе, ол еріп кетеді.

Қызырды Қыдыр ата деп те атайды. Ислам, дінінде Қыдыр – ел аралайтын адам бейнесіндегі «зулие», адамдарға

қамқоршы, «дәулет» беруші. Бұрындары қазақтар Қызыр түні Жаңа жыл табалдырықтан аттап, үйге енгенінде оның іші жап-жарық болып тұрсын деп, төрге қос шырақты жағып қоятын болған. Және де біздің ата-бабаларымыз «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деп сеніп, Наурызға дейін үй ішіндегі мүлік, жиһаздардың шаңын сүртіп, жуып, төсек орынды, киім-кешекті сыртқа шығарып қағып-сілкіп, бәрін де тазартып қоятын болған, - дейді этнографтар.

Қазақ халқында да «Береке - жыл басынан басталады», «Жыл басы жақсы басталса, аяғы да жақсы болады» деген наным бар. Осыған орай бұрындары ата, әжелеріміз: «Жыл бойы ақ мол, дән тасқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын», - деп Қызыр түні үйдегі ыдыстардың бәрін ырысқа (бидайға, тарыға, сұлы, жүгеріге, т.б.), аққа (сүтке, айранға, шұбатқа, шалапқа, уызға, т.б.) және кәусар бұлақ суына толтырып қоятын-ды.



НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ЕЖЕЛГІ ТАРИХШЫЛАР МЕН БАЙЫРҒЫ БАБАЛАРДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ



Қызыр түні хақында этнограф-жазушы Ақселеу Сейдімбекұлы былай деп те жазған еді («Қазақ әлемі», 228 бет): «Байырға салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн – «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр (Қыдыр) қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бак жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыруы үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді... Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қызықтар көрсетеді... Осынау қыз-ық-думанның ішінде «жанды-қуыршақтың» жөні бөлек. Ол үшін жастар ауылдағы нокта көрмеген ең асау тайыншаны ұстап, ең ескі ашамайды салып, ашамай үстіне ең ескі киім-кешек пен құрым киізден жасалған қуыршақ орнатып, тайыншаның құйрығына ескі шелек байлайды да: «Ұлыс ы атып қояды, бар елге хабар бер!» - деп, шабына шыбық жүгіртіп, сауырға бір салып қоя береді. Асау тайынша өкіріп – бақырып жөнеледі. Ит үреді, қотандағы мал үркеді, үй-үйден шал-шауқан ербиіп шығады, жастар маз-мәйрам болысады...».

Уақыт көшіп зерттеушілердің айтуынша, күн сәулесі жер шарының шығыс бөлігінен таңғы сағат 6-да себезгілеп атқан кезде біздің өңірімізде бұл сәт түнгі сағат 3-ке тұспа-тұс келеді екен. Сол себепті қазақ халқы Ұлыстың ұлы күні – Наурызды, Жыл басын (Жаңа жылды) наурыздың 22-сі күні таңғы сағат 3-те қарсы алады.

Яғни, Жаңа жылды ұйықтамай ақ тілек, ақ ниетпен қарсы алу үшін қызық думан құрып, арнайы салт-дәстүрлерді орындап, жыл басын қарсы алуға ерекше дәм дайындап, ішкен. Біз енді Наурызға байланысты ұғымдар мен салт-дәстүрлерге тоқталсақ.

«**Ұлыс**» Ш.Құдайбердіұлы мен М.Көпейұлы бұрын наурыз мейрамының «Ұлыс» деп аталғанын жазады. Жалпы халқымызда Шыңғыс хан дәуірінен бері келе жатқан, қазақтағы хандықтың әкімшілік бөлігінің бідіретін атау да – «ұлыс». Т.Өмірзақов бол-са, ұлыстың ескі түркіше «ғаламдық жаратылыс күні» деген ұғымды білдіретінін айтады. Осы орайда Наурызға қатысты ұлыстың мәнін «наурыз - әрбір пендеге Көктен бір жылдық ырыздық бұйыратын күн» деп пайымдайтындар да бар. Мырза Мұхаммед Дулатидың жазуынша («Тарих-и Рашиди»): «Ұлыс – көшпелі елдердің біріккен одағы». Әйтеуір, Наурыз – ұлыстың ұлы күні, ол талас туғызбайтын ақиқат.

«**Қызыр түні**» (Ырыс түні) Наурыздың 21-нен 22-не қараған түні таңның алғашқы сәулесін қарсы алып, Жаңа жылға, жаңа күнге, жаңа таңға сәлем жасау, жаңа нұрға шомылып, жан мен тәнге қуат алу уақыты – «Қызыр түні» деп аталады. Бұл түні адамдар жаратқанға құлшылық жасап, береке-бірлік тілейді, «Қызыр түніне» құрмет көрсетіп, уақытты таң атқанша сән-салтанатпен өткізеді.

«**Қос шырақ жағу**» Бұл – Қызыр (Қыдыр) атаны құрметтеп күтудің бір рәсімі. Қос шырақ жағады. Оның мәні: Қызыр атаның жолына жарық түсіру, ота-уды отпен

аластау, оны лас қуат пен кірден тазарту, үйдегі құт пен ырысты, жылу мен ошақты қадірлеу белгісі, аруақтарды еске алып, оларға құрмет көрсету.

«**Ұйқыашар**» Бұл – «Қызыр түні» дайындалатын дәм. Ауыл бой-жеткендері өздері ұнататын жігіттерге арнап соғымның соңғы етін уызбен бірге пісіріп, Жаңа жылды өзімен қарсы алғалы отырған ғашығына ұсынады.

«**Селтеткізер**», «**Қызыр түні**» өздеріне «Ұйқыашар» беріп, ынта-ықыласын білдірген, ұйықтап қалмай Жаңа жылды қарсы алуға көмектескен бойжеткендердің қолақысын қайтару мақсатында бозбалалар оларға алдын-ала әртүрлі сыйлықтарды дайындап қояды. Оны «Ұйқыашардан» соң бойжеткендерге сыйлайды. Мұны «селтеткізер» деп атайды. Осы сыйлықтардың ішінде айна - пәктік пен жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, иіссуі – бұршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі болып саналады.

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы еліміз бен жерімізге ынтымақ, ырыс, бақыт сыйласын, ардақты ағайын!

Г.ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫ
(Соңы. Басы 3-бетте)



Алғашқы ұстазымның берген тәлім-тәрбиесі өмір бойы өміріме азық болып келе жатыр десем, артық айтпаған болармын. Алғашқы қоңырау соғылып, жиын аяқталып, 3 «б» жазуы бар класмызға келіп жайғастық. Класка директор мен үлкен кара көзді, шашын төбесіне түйген қараторы қыз кіріп келді. «Енді сендерге Қаншайым апайларың сабақ береді» - деп директор кетіп қалды.

Бәріміз апайға қарап қалдық. Үстіне киген костюм-юбкасы керемет жарасып тұр. Тап-таза, жып-жинақы апайымызды көріп, бәріміз мәзбіз. Апайымыз орындыққа отырған жоқ. Түрегелген қалпында журналды алды да, тізім бойынша бізбен таныса бастады. Әрбір балаға ерекше назар аударып, асқан мейірімділікпен қарады. Сосын сабақты бастап кетті.

Бәріміз тып-тыныш отырып, оны ұйып тыңдадық. Ол сабақ бойы түрегеліп тұрды. Апайымыздың аяғында кінәрат барын басында байқағанбыз. Бір аяғынан бір аяғы жіңішкелеу, сылтып басады екен. Соған қарамастан тақта мен партаның арасында жүріп, балалардың қалай жазып жатқанын бақылап, тыным таппады. Біз де тып-тыныш сабақты мұқият тыңдадық.

Сабақ бітісімен мен үйге жетуге асықтым. Жүгіріп келген бетімде «Апа, бізге бір әдемі апай келді» деп айқай салдым да жылап жібердім. «Не болды, апай келгенге жылай ма екен?» деп анам бәйек болып жүр. «Апайдың аяғы ауырады» дедім де, тағы да жылап жібердім. Жылап болған соң анама мән-жайды түсіндірдім. «Ештеңе етпейді, апайыңның аяғы

Тағзым

ҚАЙРАН, ҚАНШАЙЫМ АПАЙ



жазылған ғой» - деп жұбатып жатыр.

Сөйтіп біздің 3 сыныптағы оқу жылымыз осылай басталған еді. Сол күннен бастап біз тәртіпті, оқу үлгімі жақсы кластың қатарына айналдық. Сабақтан кейін класмызды жуып, таза-лып кету - әрбір оқушының міндеті болатын. Апаймыз да бізбен бірге еденді, тақтаны қалай жуу керек екендігін түсіндіретін. Кезекшілерге ең бірінші кластың кенересін табалдырықтан бастап сабын-дап жуғызады. Сосын ортасын жуады. Біріміз терезенің әйнегіні жалтыратып сүртеміз. Біріміз тақтаны жуып, құрғатамыз. Парталардың үстін ысқылап, тазарғанша жуып, сүртеміз. Сөйтіп класс іші айнадай болған соң бір-ақ кетеміз.

Апай біз кеткеннен кейін барып кетеді. Оған дейін дәптер тексеріп, журнал толтырып, отыра береді. Біздің киіміміздің тазалығына да аса мән берді. Ол кезде (1967-1970 жылдар) киімнің тапшы кезі болатын. Аяғымызда кара бөтенке, үстімізде форма көйлек пен кара матадан тігілген фартук, ұлдарда костюм-шалбар мен ак сисадан тігілген көйлектері болатын. Үйдің үлкендері болмаса, барлығымыз да ағаларымыз бен апаларымыздың қысқарып қалған киімдерін киетінбіз. Ол кезде маталар сапалы ма, білмеймін, бірімізден соң біріміз кискет те тозбайтын. Мойнымызға қызыл галстук байлайтынбыз. Ол кезде пионерге өту - үлкен мәртебе еді. Бұзық болсаң, сабақты нашар оқысаң, пи-

онер қатарынан шығып қаласың, мойнындағы қызыл галстукті шешіп алатын.

Таңертең класка келгенде қолымызды партаның үстіне қойып отырамыз. Апайымыз келіп, қолымыздың тазалығын тырнақтан бастап, шаш, құлақ бәрін қарап шығады. Киімдеріміз таза, үгіктелген болуы шарт, галстук күнделікті желбіреп тұруы керек. Ұлдардың шашы тақыр, қыздардың бір тал шашы түспестен артқа қарай таралып өріліп, ақ бантик шоқталып тұруы тиіс. Ол кезде қайбір жөнді жібі түзу бантик бар. Әркім қолына түскен капронды қиып, шетін шырпымен күйдіріп бантик жасап алады. Соны тозғанша тағамыз. Апаймыз «киімдерің ескі болса да, таза болуы керек» - дейтін.

Сөйтіп Қаншайым Есмағанбетова алғашқы еңбек жолын бізден бастап, екі жыл сабақ берді. Қатал, талапшыл ұстаз болды. Сол екі жылда біз тәрбиелі, тәртіпті, білімді, өнерлі кластың қатарында болдық. Апайымызды қатты жақсы көрдік. Өзімізге үлгі тұттық. Оның тал бойында білімділік, парасаттылық, ұқыптылық бәрі бар болатын. Соның бәрін біз бойымызға сіңіріп алдық. Одан көп нәрсе үйрендік және бейнесі, ісі есімізде мәңгілікке қалды. Бізден кейін де талай шәкірттер оның алдынан түлеп ұшты. Біздер есейіп, әрбіреуіміз әр жақта өмір кешіп жатыр-

мыз. Басымыз қосыла қалса, оқытқан ұстаздарымызды еске алып, балалық шаққа бір саяхаттап қаламыз.

Биылғы жылы біздің мектепті бітіргенімізге 40 жыл толмақ. Бірге оқыған сыныптастар басымызды қосып, 10 жыл оқыған мектебімізге барып, сабақ берген ұстаздарымызбен кездесу жасамақшымыз. Алайда Қаншайым апайдың арамьыда болмайтыны бізді қатты қынжылтады. Дегенмен апайдың өзі жоқ болса, оның ізін жалғайтын, үлгі тұтатын шәкірттері бар. Шәкірттері барда - ұстаз олармен бірге жасай береді!

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА.

Суреттерде: Аманкелді орта мектебінің 1975 жылғы түлектері. Бастауыш сыныптан көріністер.

ТОҚТЫ



Сіз үшін өткен жылға есеп беріп, болашаққа жаңа жоспар құратын уақыт келді. Бала-шағасы бар ата-аналар үшін бұл жыл ерекше түсіністіктің жылы болмақ. Егер жаныңызды жегідей жейтін мәселегер пайда бола бастаса, оны тез арада шешуге тырысыңыз. Мазасыз тіршіліктен бас тартыңыз да, өзіңізге көңіл бөліп бастаңыз. Жұрттың қамын жеп, қамқорлық жасау сіздің ғана мандайыңызға жазылмаған. Жұмысыңыз кедергі келтіріп жүрген болса, демалыс алыңыз. Алғашқы жарты жылдықта мұндай өзгерістерді қабылдау қиын болғанымен, жаз айларынан бастап бәрі де қалпына түседі. Бұл жеке және қоғамдық өмірге де, жұмысқа да қатысты айтылған болжам. Ал тұрмыс құрмаған жастар шаруаның астында жүріп, ата-анаңызға қамқорлық жасауды ұмытпаңыз. Олардың бар берген тәрбиесі мен білімін есіңізге түсіріп, өмірде қолданыңыз. Себебі сізді жоғары мансап күтіп тұр. Бастаған ісіңізді әрқашан да аяғына дейін жеткізіңіз. Әріптестеріңізбен қарсыласып, бастығыңызға қарсы шығудың еш қажеті жоқ. Шыдамдылық танытсаңыз, күз айларында жұртшылық сіздің барлық талантыңыз бен іскерлігіңізге куә болады.

ТОРПАҚ



Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес деп бабаларымыз айтқандай өзіңізді, өмірдегі орныңызды, сүйген жарыңызды, мақсатыңызды іздеуді жалғастырыңыз. Айналаңыздағылардың сенімсіздіктеріне, мағынасыз әңгімелеріне назар аудармаңыз. Қайнап жатқан қазанның бетін жауып, мақсатқа жеткізер тура жолды тандайтын уақыт жетті. Сәттілік сіздің жағыңызда. Қысқасы, осы жылы асқан белсенділік танытыңыз. Сонымен қатар, оқу орнын, жұмысыңыз немесе тұратын қаланың ауыстырғыңыз келіп жүрсе, қой жылы ең ыңғайлы кезең. Жақсы қызметке ие болу немесе қаржылық жағдайыңызды жақсарту туралы мақсат-мұраттарыңыз толығымен орындалады. Іскерлік семинарлар, тренингтер, ұзақ іссапарлар – сіз үшін өте пайдалы болады. Жалпы биылғы жылғы ең үлкен жетістік иегерлері – шығармашылық адамдары екен.

ЕГІЗДЕР



Жаңа жылдағы өзгерістер қаңтар айынан-ақ басталады. Бойыңызда бұрын-соңды болмаған күш пайда болып, белсенділігіңіз артады. Осы талпынысыңыз арқылы біршама жетістіктерге жетесіз. Адамдарға деген қарым-қатынасыңызға көңіл бөліңіз. Ойыңызда қосымша білім алу жоспары жүрген болса, уақыт созбастан, дәл осы жылы құжаттарыңызды тапсырыңыз, арты сәттіліктерге толы болмақ. Елімізге білгір мамандар әрдайым қажет болады. Бұл жыл маңызды әрі елеулі оқиғаларға толы екенін ұмытпаңыз. Екінші жарты жылдықта міндетті түрде демалыс алатын болыңыз. Әдетте демалыс кезінде орын алатын үй жөндеу жұмыстарына кірісуге асықпаңыз. Өзіңізді сынап көріңіз және кәсіби өсу мен биік жетістіктерге жеткізер қадамдарды қорықпай жасаңыз. Қазақ «жыламаған балаға емшек жок» дейді. Сондықтан бәрі де өзіңіздің талпынысыңызға байланысты болмақ. Арман орындалатын күн де алыс емес деп сеніңіз.




2015 ЖЫЛҒЫ ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ

Астрологиялық деректер 2015 жыл оның алдындағы жылдарға қарағанда тыныш әрі бейбітшілікте өтеді дейді. Екінші жартыжылдық жазғымды өзгерістер мен сәтті шешімдерге толы болады.

2015 жылы үш ғаламшар – Юпитер, Сатурн және Уран Зодиак белгілерін өзгертеді. Сондықтан қоғамның ниеттері де өзгереді. Жаңа істер бастауын алып, жаңа мұраттарға жетелейді. Бастысы қиындықтарға мойымай, оларды жеңіп шығу. Төзімділік танытқан адамдар міндетті түрде табысқа кенеледі.

ШАЯН



2015 жыл сіз үшін сәтті өтпек. Әлемде, елде болып жатқан жаңалықтардан қапы қалмай, өз пайдаңызға қолданаңыз. Өйткені сіздің шығармашылық белсенділігіңіз күннен күнге артып келеді. Қой жылында алға қойған мақсаттарыңыздың көпшілігі орындалады. Сізді бизнес жолында көптеген табыстар күтіп тұр. Сондықтан өмірлік жоспарларыңызды тағы бір айқындап алыңыз. Үйіңізге және отбасыңызға көбірек уақыт бөліңіз. Жылдың алғашқы жартысында мансабыңыз өспек. Мақсаттарыңыз бен армандарыңыз бірте-бірте орындалып жатса, таң қалмаңыз. Өйткені бұл сіздің жылыңыз. Қыс айларында жұмысыңыз алға басады. Ата-аналарымыз үйреткендей сабырлық танытыңыз. Бастықтарға сіздің жұмысқа деген құлшынысыңыз бен өзіңізді көрсете білуіңіз ұнайды. Кәсібилігіңізді арттырудан жалықпаңыз. Өміріңізге бір нәрсе жетпейтінін сезініп жүрсеңіз «балалы үй-базар, баласыз үй-мазар» екенін еске түсіріңіз. Сүйген жарыңызбен қосылып, берік отбасын құратын кезең келді.

АРЫСТАН



Өз өміріңізді қалай көргіңіз келсе, оны жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар. Сіз үшін қой жылында бизнес саласында оңтайлы жауаптар табылып, сәттілік серік болғалы тұр. Көктем - таңғажайып романтикаға толы кездесулер мезгілі. Қой жылы сіз үшін сезімге ерік беретін жыл болмақ. Егер әлі отбасын құрмасаңыз, іске кірісіңіз. Сәтті кездесулер үйлену тойына дейін апарады деген болжам бар. Маусым айынан бастап қарбегерлердің өсуіне жол ашылмақ. Сонымен қатар, басқа жақтан жуыныстар келіп түсуі мүмкін. Бәріне жауапкершілікпен қараңыз. Егер жеке бизнесіңіздің алға басқанын қаласаңыз, онда барлық сәттілікті күз айларында күтіңіз.

БИКЕШ



Қой жылы сіз үшін ең сәтті жыл болғалы тұр. «Қыз еркем кестесімен еркем, ұл еркем өнерімен көркем». Қайсар жан екеніңізді естен шығармаңыз. Кез келген маңызды және қиын жұмысты еш қорықпастан бастап кете аласыз.

Сіз үшін, әсіресе, жылдың екінші жартысы табысты болмақ. Алғашқы жарты жылдықта көп уақытыңызды отбасыңызға бөліңіз. Сонымен қатар қой жылында оқуға, саяхат жасап, демалуға көптеген мүмкіндіктер туады. Мүмкін емес деген нәрселердің өзін еш қорықпастан армандаңыз, биыл сол армандар орындалатын сәтті жыл болмақ. Шешім қабылдауда шорқақтық танытпаңыз. Өміріңізге кедергі жасайтын, түкке де керек жоқ дүниелерден арылыңыз. Пайдалы әрі сауапты іс істеуге тырысыңыз. Бәрі сізден үлгі аларлықтай жақсы шаруа бітіріңіз.

ТАРАЗЫ



Осы жылы көптеген мәселенің түйінін оңтайлы шешесіз. Сондықтан да төрімізге шыққалы отырған қой жылында жұмыста да, үйде де көптің назарында боласыз. Қазақ халқымызға дарыған қасиет қонақжайлығыңызды көрсетіңіз. Әріптестеріңізді, туыстарыңызды, жора-жолдастарыңызды ренжітіп алмауға тырысыңыз.

Бұл жыл сізден еңбекқорлықты, төзімділік пен сабырлықты күтеді. Тамыз, қыркүйек айларында өміріңізге елеулі өзгерістер енгізуден қорықпаңыз. Себебі, қараша айында сізді өте жағымды жаңалық күтіп тұр. Дәл қазір сіздің мәртебеңіз жеткілікті дәрежеде биік, сондықтан әріптестеріңіздің арасында көшбасшы болуға мүмкіндігіңіз бар. Жан дүниеніңізді тазартып, үлкен кісілерден бата алыңыз. «Баталы құлға бақ қонар». Жылдың басында көптеген сәтсіздіктермен дос болғаныңызбен, жыл ортасындағы саяхат пен тәжірибе алмасу сапары сіздің өміріңізді мәнді әрі қызықты ете түспек. Маңызды шешімдерді жеті рет өлшеп, бір рет кесуді ұмытпаңыз.

САРЫШАЯН



Бұл жылы бірінші кезекке отбасы мен үй шаруасын қойған дұрыс болады. Жаңа үй тұрғызуға не ескі үйіңізге жөндеу жұмыстарын жасауға кіріссеңіз жөн болар еді. Осылай күшіңіз жұмысқа да, үй шаруасына жетерлігін дәлелденіңіз. Қой жылында жеке өміріңізге келенсіз жағдайлар бола қоймайды. Жыл басталысымен-ақ өзіңіздің басқаға керек екендігіңізді сезініп, бақытты күй кешесіз. Бұл жыл БАҚ-та жұмыс жасайтын сарышаяндар үшін қолайлы болмақ. Екінші жарты жылдықта дизайнерлер мен шығармашылық адамдарды сәттілік күтіп тұр. Десе де мансап өсіру үшін жанталасудың қажеті шамалы.

МЕРГЕН



Биылғы жыл сіз үшін ең бақытты жыл болғалы тұр. Бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық, үшінші байлық — он саулық. Тек ретімен шатастырып алмаңыз. Сонда бәрі де дұрыс болады. Шектен тыс өркөкіректік танытудан сақтаныңыз. Егер бұл мінезіңізге бой берсеңіз, біраз жақсы адамдармен байланысыңыз үзіліп қалуы мүмкін. Салмақты қатынас үшін сабырлық керек. Иmandылығыңызды арттырыңыз. Нағыз шешуші кезеңге жетіп қалғаныңыз есіңізден шықпасын. Жұмыс ауыстыруыңыз ықтимал. Бұл жыл, сіз үшін, шешім қабылдау мен тәуекелге бел буудың жылы болмақ. Осылай өзіңізге деген сеніміңіз нығая түседі. Өзіңізді бағалай құрметтеу арқылы жаныңыздағылардың пікірін айтарлықтай өзгертесіз.

ТАУЕШКИ



Жүрген ортаңызда мерейіңіз үстем болып, дәрежеңіз арта түседі, биыл. Ең бастысы – басқаны тыңдаудан бас тартпаңыз. Дәрежеңіздің көтерілуі соған байланысты. Мынау есіңізде болсын: Қой жылында қиылған некенің ғұмыры ұзақ та баянды болмақ. Сондықтан бойдақ жандар ойланғаны абзал. Қандай қиындық болмасын сіз жеңе аласыз, соны ұмытпаңыз! Жылдың алғашқы жартысы тынымсыз болғанымен екінші жарты жылдықта байсалды өмір кешесіз. Жаныңыз қалаған іспен шұғылданыңыз. Махаббат мәселесінде анау айтқандай қиын мәселе болмайды. Күз айы жұмысыңыздың өрге басар мезгілі дей беруге де болады. Сіз өз биігіңізге асықпай, аядап жетесіз. Тек наурыз айында өзіңізді қай істе көргіңіз келетіңізін анықтап алып, сол бағытқа қарай жүргеніңіз жөн. Қой жылы сізден көп мөлшерде сабырлық пен төзімділік күтеді. Ал қараша айында сізге жаңа жұмыс тапсырылады. Сенімді жұмыс!

СУҚҰЙҒЫШ



Арманға жету үшін жеңіл жолды таңдау оңай болғанымен одан түк шықпайтынын түсініңіз. Бұл жыл сізден төзім мен ақылды қажет етеді. Дәнді шашпа, нанды баспа деген сөздің жаны бар. Жыл бойы сіңірген еңбегіңіздің жемісін қараша айында көретін боласыз. Тәуекелге бел буып үйреніңіз! Күштілер мен тәуекелшілдерді таңғажайып сыйлықтар күтіп тұр. Бастысы - өзіңізге нақты ненің керек екендігін білу. Егер іске құлшыныспен кірісер болсаңыз ол міндетті түрде жемісті болады. Екінші жартыңыз сізді үнемі қолдап, құлшынысыңызды арттырып отырады. Қараша айында өміріңізде айтарлықтай оң өзгеріс болады. «Баламен дос болсаң бала боларсың, қариямен дос болсаң дана боларсың». Айналаңызда қандай адамдар жүргенін қараңыз. Осы жылы өзіңізге деген сенімділік пен белсенділігіңіздің арқасында мансабыңызды өсіре аласыз.

БАЛЫҚТАР



Сіз осы уақытқа дейін жақындарыңызға үнемі қамқор болып келдіңіз, енді өзіңізді ойлайтын кез келді. Жаңа жылда көптеген саяхаттар күтіп тұр. Ой-өрісіңіз, біліміңізді кеңейте түссіз, жұмысқа керек тәжірибе жинақтаудың жаңа мүмкіндіктері туады. Білгеніңізді басқамен бөлісуде тартынбаңыз, жұмысқа бірігіп істеген жұмысыңыз жемісті болады. Әсіресе мамыр айында менмендік қасиетті тізгіндеп ұстауға тура келеді, бұл қасиет жақсылыққа апармайтынын түсініңіз. Жұмыста қиындықтар туып жатса, әңгіменің басын ашып бәрін тек бейбіт жолмен шешуге тырысыңыз. Егер сабыр сақтаасаңыз, сіздің ұйымшыл топ құруға мол мүмкіндігіңіз бар. Барлық жұлдыздар сізге махаббат жолында көмектесуге әзір. Жаныңыздағылар мен өзіңіздің ішіңізге қайта үңіліп көріңіз. Сізге не керек? Өз өміріңізге разысыз ба? Жылдың ең елеулі оқиғалары қараша айында болмақ.





1

Бүгін қолға қағаз қалам алайын,
Елге арнап хатты жазып, салайын.
Үлкен аға, кіші іні замандас,
Аман болсын, елде қалған ағайын!

Әжібаев Хасен еді жолдасым,
Азаматқа жаманшылық болмасын.
Танертенгі сағат бесте жазып ем,
Ұйқым келмей, ішім ойға толғасын.

Қыпшақбай мен Жанбыршыдай ініміз,
Бәріміз де бір Алланың құлымыз.
Ұлы Совет қабылдаған Указға,
Тура келді біздің басқан жолымыз.

АМАН БОЛСЫН, ЕЛДЕ ҚАЛҒАН АҒАЙЫН! Баймағанбет ЫБЫРАЙҰЛЫ

Ұстатпайды аспандағы лашын,
Жігіт едік елге жайған құлашын.
Сағынғаннан хатқа жазып отырмын
Аман-есен, денің сау ма, Күләшім?!

СССР-ға Германия болды қас,
Көп жиылған орыс, қазақ баласы.
Хат арқылы амандықты білдірем,
Елде қалған Оразбек, Сыздық ағасы.

Енді сізге хат жазайын анамыз,
Іштен шыққан мен дағы бір баланыз.
Отан қорғау - большевиктің міндеті,
Бас тартпаймын, енді соған барамыз.

Таңың атпай, батқан шығар кешіңіз.
Бар еді ғой ана, сіздің есіңіз.
Менің Сізге қателігім бар болса,
Ақ сүтінді мойныма артпай кешіңіз.

Қалды жетім қолыңызда атамыз,

Кешірер-ау ол да болса қатамыз.
Қызыл әскер қатарына алындым,
Берерсіз деп қолың жайып батаңыз.

Сау болыңыз Сыздық пенен Оразбек,
Кетіп барам бұл сапарға болмай шек.
Нұрекеннің (Нұрбай) шаруасына көзің сал,
Бірге туған түбіміз бір туыс ек.

Сенбі, Сәкен қатар өскен замандас,
Жаста болсаң, ағайынға болдың бас.
Сіздерменен кездесетін күн бар ма,
Ойлағанда көзден ағар ыстық жас.

2

Көп ойға түсе берме, менің анам,
Ыбыраев Баймағанбет сенің балаң.
Жағдайды осы уақытта еске алып,
Анашым, сені ойлап болдым алаң.

Қарағым, Күләшжаным, бұл заман тар,

Жанымда Қызылордадан бір жігіт бар.
Оралдың қаласынан - Алшын елі,
Әзірше аман жүрмін бір Құдай жар.

3

Әскерге алындым даладан,
Орал деген қаладан.
Үш ай болды білмеймін,
Хат алмадым Махмұт деген баладан.

Ия, Алла, көзімдегі жасты көр,
Денімізге саулық бер.
Қашан көрем туған ел,
Ерігіп өлен жазбаймын,
Ішіме толды қайғы-шер.

4

Қолыма ұстағаным темір қалақ,
Бұл күнде ашылмады біздің талап.
Бауырлар, сендерге арнап өлең жаздым,
Жүріңдер аман-есен Құдай қалап.

Ағайын, ынтымақты бағалаңыз,
Бірінді-бірің сыйлап сағалаңыз.
Жайратып фашистерді бұл соғыста,
Жеңіспен елге біздер ораламыз.

Мәдени жаңалық

«АҚ ЖЕЛКЕН-2015» ЖАС ӘНШІЛЕР БАЙҚАУЫ ӨТІПТІ

Аудандық К.Әбенев атындағы Мәдениет үйінде дәстүрлі «Ақ желкен-2015» жас әншілер байқауы өтті. 14-ші рет өткізіліп отырған байқауда аудан, ауыл мектептерінен барлығы 45 үміткер бақ сынады.

Ауданымызда осы ән байқауынан бастау алып облыстық, халықаралық ән додаларын бағындырған талантты жастар жетерлік. Ақ желкен әлі талай есімдерді елге танытып, ән өнерінің шыңына шығарары сөзсіз.

Аудандық білім беру бөлімінің басшысы С.Туленов және мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы С.Сейдин сөз сөйлеп, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Ән байқауының бірінші кезеңінде 5-9 жас аралығындағы бүлдіршіндер өнер көрсетсе, екінші кезеңі 10-16 жас аралығындағы үміткерлердің әсем әнімен жалғасты. Ақтық мәреге іріктеліп алынған 20 өнерпаздың бірнешеуі гала концертте ән шыркады.



Бірнеше сағатқа созылған ән байқауында Амантоғайлық Амангелді Назерке бас жүлдені жеңіп алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Өте тартысты да қызықты өткен бұл байқаудан қатысушы үміткерлер де, көрермендер де үлкен әсер алып тарқасты.

Байқауды ұйымдастырушылар жас әншілерге қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған аудандық білім беру бөлімінің кәсіподақ ұйымына, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, ішкі саясат бөлімі, ауылшаруашылық бөлімі, экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі, спорт бөлімі, саз мектебі, халыққа қызмет көрсету орталықтарына алғыс білдіретіндіктерін жеткізді.

Б.ТЕМІРБАЙ.

Суретте: Амангелді Назерке

Еске алу

Кезінде ауданымыздың ұлағатты ұстаздарының бірі болған, бәрімізге асыл дос, бірімізге қадірлі құрдас, бірімізге аяулы жеңге атанған **Гүлнар Ескенқызы ТӨШЕНОВА** марқұм осыдан 11 жыл бұрын 25 наурыз күні 49 жасында кенеттен дүниеден өтті. Оның қазасы бәріміздің жүрегімізді ауыртты. Мүшелжасы 49 жасын атап өткен күні бақиға аттанды. Туған күні наурыздың 24-і еді. Қайтыс болған күні наурыздың 25-сі болды. марқұмды сағынышпен еске ала отырып, оның рухына Алладан көркем иман, жәннаттың пейішін тілейміз.

Еске алушылар: Айтқұл-Ғалиябану, Қырымгерей-Күләш, Жанай-Фарица, Есен-Нұрбике.

Аяулы Гүлнар Ескенқызы, біз сізді тірлікте ұмытпаймыз. Әрдайым еске алып, рухыңа дұға бағыштап, Аллатағаладан өзіне барлық жақсылықты тілейміз. Сен көрмеген қызықты жарың Тасмұрат және балаларың, немерелерің көрсін.

**Еске алдық сені, аяулы Гүлнар,
Құс болып ұшып, зулады жылдар.
Еске алды сені сағынышпенен
Қадірлес болған дос-жолдас жандар.
Ғұмырын сенің болды ғой қысқа,
Сонда да бірақ еліне нұсқа.
Алладан саған тілейміз иман,
60 жылдығыңда малынып көзіміз жасқа.**

«АСТАНА АГРОПАРТНЕР» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ



ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «АСТАНА АГРОПАРТНЕР»

№ п/п	Наименование оборудования	модель	Цена* в тенге с НДС 12 %
1	Косилка навесная ротационная	ЖТТ-2,4 "Strige"	1 100 000
2	Пресс-подборщик рулонный	ПР-145С	1 700 000
3	Пресс-подборщик тюковый	Tukan ППТ-041	2 600 000
4	Опрыскиватель навесной 800л	"LUPUS"	750 000
5	Стогометатель навесной универсальный	СНУ-550	1 350 000
6	Навесные грабли Sitrex S.p.a (Италия)	Ширина захвата 5,5м и 7,5м	от 650 000
7	Прицепные грабли Sitrex S.p.a (Италия)	Ширина захвата 6м и 8,2м	от 1 050 000
8	Приспособления для уборки подсолнечника (для всех типов комбайнов)	ПСП-810	2 750 000
9	Приспособления для уборки подсолнечника (для всех типов комбайнов)	НАШ-873-02Н	2 550 000
10	Метатель зерна самопередвижной	МЗС-90-20-01	1 450 000
11	Борона дисковая прицепная	БДП-3,2х2	2 350 000

г.Астана, ул.Иманова, 19, офис 1102Е
тел.: +7-701-766-93-91, +7 701-766-25-03
тел./факс: 8(7172) 78-76-57
e-mail: ast_agropartner@mail.ru

г.Усть-Каменогорск, ул.Абая, 181/1
тел.: +7-701-770-04-11, +7 701-717-74-00
тел./факс: 8(7232) 78-46-60, 700-933
e-mail: arman_199@mail.ru

- Лизинг через АО «Казагрофинанс»
- Отсрочка по платежам
- Гарантия на всю продукцию
- Индивидуальные скидки

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық- жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады», деген болатын.

Шынында сыбайлас жемқорлық Қазақстанның барлық табыстарына қол жеткізуге мүмкіндік туғызған мемлекетіміздің негізгі құндылығы – Тәуелсіздікке қауіп төндірері. Бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Елбасы 2015 -2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны бекітті.

Өткен жылдың соңында Елбасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №883 Жарлығы нәтижесінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылған болатын. Осыдан кейін қаржы полициясының атқарып келген міндеттері екі ведомствоға бөлініп, коррупцияға қарсы күрес агенттігі өзінің жиырма жылдық тарихындағы тағы бір белестен өтті.

Әрине президенттің мемлекеттік басқару құрылымындағы өзіндік орны болған екі органды қосу жөніндегі шешіміне әсер еткен объективті себептер жоқ деуге болмас. Бұл жерде ең бастысы – қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытына қоғамды жұмылдыру. Ал, бұл бағытта қоғамды жұмылдыру үшін қоғамның тиісті органға деген сенімі нығаюы тиіс.

Яғни, жаңа агентікке құқық қорғау органының мәртебесі сақталғанмен, оны милитаризациядан сақтау қағидаты көзделді. Қазіргі таңда агенттіктің құқық қорғау қызметін атқаратын қызметкерлерде әскери шендер алынып тасталды. Сондай-ақ, жеке құрамның қатары әкімшілік мемлекеттік қызметшілермен толықтырылды. Біздің қызметкерлер үшін қызмет ету барысында ұстануға тиіс арнайы әдептілік нормалары әзірленіп, барлық қызметкерлер қарапайымдылықты дәріптейтін ерекше міндетті шектеулерді қабылдады. Осыған сәйкес, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде біраз өзгерістер орын алды.

Жұмыс сапалы, нәтижелі болу үшін алдымен білімді, білікті мамандар қажет. Қоғамды дендеген, жең ұшынан жалғасқан паракорлықпен күресуді жалғыз құқық қорғау органдарына жүктеп қоюға болмайды.

Бұл дертпен сіз болып, біз болып қарсы тұруымыз қажет.
М.СЕЙТКАМАНОВ,
мемлекеттік Кірістер басқармасының басшысы

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Күзенбаев Канат Шакеновичтің атына тіркелген (жылжымайтын мүлік) жария ету шешімі №2619 05.03.2007 жыл. Тіркелген күні 11.05.2007ж) Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Үрпек ауылдық округі, Үрпек ауылындағы Б.Қожабаев көшесінде орналасқан жылжымайтын мүлік құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК ЖАБЫЛДЫ

Серигова Анаркул Тулемисовнаның атындағы жеке кәсіпкерлік осы хабарландыру жарияланған күннен бастап жабылды.

СЕМІЗ ЖЫЛҚЫЛАР САТАМЫН

Бордақыда бағылып отырған семіз 5 жылқы сатамын. Бағасы келісім бойынша.

Нариман. Тел: 8-701-389-19-04.

ТҮЗЕТУ

«АА» газетінің №10 нөміріндегі 2-беттегі мақаланың жалғасы 8-бетте деген сөз 2-бетте деп оқылсын



АЛҒАШҚЫ БАСПАГЕР ҒӘМ РЕДАКТОРДЫҢ БІРІ ЕЛ АҒАСЫ, АБЫЗ АҚСАҚАЛ АТАНҒАН ЖАНҒАБЫЛОВ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

1

...1995 жылы белгілі ақын, соғыс және еңбек ардагері Ғабдол-Ғазиз Әмірхамзаұлы «Біздің аудандық газетіміздің 1930 жылы шыққаны әлі күнге есімде. Көлемі өте шағын және бар болғаны 2 бет болып басылып жүрді. Таралымы да аз болатын. Ол кезде ауданда қазіргідей баспахана болған жоқ. Шағын темір қалып болатын. Алматыдан әкелінген латын қаріптерін Жаңбыршы Жанғабылов пен бір жас жігіт теріп, редактор қатесін шығарған соң, оларды екеуі түзетіп, «басуға!» деген бұйрық берілгеннен кейін қалыптағы жасалған беттің үстіне қазіргі «А-4» форматындағы ақ қағазды салып, темір октаумен қолмен сүргілеп басып болған соң, 2-ші бетті қойып, оны да әлгіндей тәсілмен қайталап басағын. Мен ол кезде ауылда мұғалім болып жүрген едім. Зәуқайыр ауданға жол түссе, шаруамды бітірген соң Жаңбыршыға соғатынмын. Ол бірде қаріп теріп, енді бірде газет басып жататын. Сонда мен «Жаңбыршы-ау, мұның не?» - десем, ол «Ғазиз, газет шығарып жатырмын ғой, жұмыстың бәрі екі қолмен атқарылады» - дейтін саусақтары қара май болып күлімсіреп.

Кейін ол ауқомолға қызметке ауысты. Одан біраз өткен соң аудандық партия комитетінде насихат және үгіт бөлімін басқарды. Ол кезде аудандық «Социалистік шаруа» газетіне «Редактор Ж.Жаңғабылов» - деп қол қойып жүрді» - деген болатын. Бірақ, Ғазекеннің сол сөзіне бірер кісі сенбестік танытты. «Біз республикалық Кітап палатасынан және Орталық кітапханадан «Социалистік шаруа» газеті 1935 жылдан шыға бастаған» - деген анықтама алдық» - десті.

Арада 5 жыл өткенде, 2000 жылы белгілі карт журналист Уәли Хайроллаұлы ағамыздың «Тағлымды шежіре» деген кітабы шықты. Сол кітабында Уәкен «1929 жылдың желтоқсан айында аудандық партия комитеті аудандық газет шығару туралы арнайы қаулы қабылдады» деп жазып, Ғазекеннің жоғарыда айтқан әңгімесін растады.

«АА» газетінің 80 жылдығы қасаңында, былтыр желтоқсан айында Алматыға жол түскенде бұрынғы орталық, қазіргі А.С.Пушкин атындағы Ұлттық кітапханаға барып, баспасөз тарихы бөлімінен «Социалистік шаруа» газетін көзімнен өткеруге тапсырыс бердік. Өкінішке қарай, 1935, 1936 жылдардың тігінділері болмай шықты. Табылғаны – 1937 жылдан бергі тігінділері. Бөлім басшысынан «Бұл қалай болғаны?» деп сұрағанымызда, ол кісі: «Сіз сұрап отырған 1935 және 1936 жылдар тігінділерінің кітапханамызда болмау себебі - осы жылдарда шыққан (егер шынымен шықса) газеттеріңіздің нөмірлері жүйелі әрі тұрақты түрде біздің кітапханамызға жіберілмеген. Дұрысы партия архивінен сұрастырып көріңіз» - деді.

Енді «СПШ»-ның 1937 жылғы тігіндісін қарағанымызда небәрі 5 нөмірі ғана сақталғанын көрдік. Оларға М.Жайлаубаев деген редактор қолын қойыпты. Аталған 5 нөмірдің бесеуі де суретсіз, яғни газетшілер тілімен айтсақ «соқыр» болып шыққан. Себебі ол кезде редакцияда фото-тілші болмаған. Газетте жарияланған материалдардың көбі дерлік ресми. Мәскеуден үлкен биліктің, одан кейін Қазақ ССР-інің тыныс-тіршілігін көрсеткен әралуан материалдар жариялаған. «Халық жауларымен» қалай күресу керектігі туралы бірер материал көзге түсті.

Газеттің 1941, 1942 жылдардағы біраз нөмірлеріне «Редактор Ж.Жаңғабылов» деп қол қойылған. Бұл жылдардағы газет нөмірлерінде аупартком мен ауаткомның қаулы-қарарлары мен шешімдері үзбей жарияланған. Ара-арасында М.Жайлаубаев қайта редакторлық еткен.

Газет тігінділерін қарап шыққанда Ғазекеннің «Жаңбыршы газетке редактор болып, қол қойды» деген сөзі толық шындық болып шықты. Сол сияқты Уәкеннің «Аудандық газет шығару туралы қаулы қабылданды» деген сөзінің де рас екені дау туғызбайды. Себебі Қазақстанда аудандар 1928 жылдың басында жаппай құрылды. Осыған байланысты аудандық газеттер де сол 1928 жылдан шығарыла бастады. Республика орталығынан шалғайда орналасқан аудандарда сәл кейінірек шығуы мүмкін. Бірақ ол ұзаққа созылмағаны анық. Мысалы Батпаққара ауданымен бірге бір жылы, бір күні құрылған Торғай ауданында газет 1930 жылдың 4 қазанынан бастап шыға бастаған. Ал біздің ауданның азаматтары газет шығару ісінде өздерінен екептәуір алыстағы торғайлықтардан кейіндеп қалуы мүмкін емес болып көрінеді. Мұның үстіне бұлай деуімізге Уәкеннің «1929 жылы газет шығару туралы қаулы қабылданды» деп нақты көрсетуі және Ғазекеннің «Газет 1930 жылдан шықты» деген сөз-дәйектері мүмкіндік береді. Бұл екі кісінің екеуі де – өтірікке, жалған сөзге бармайтын кісілер.

Сондықтан ауданымыздың газеті қай жылы шыққанын нақты құжаттармен анықтау – жас журналистердің парызы. Өзірге сол бұрынғы қалыппен 1935 жылы шыққан деп жүре бергеніміз дұрыс. 1935 жылғы газет тігіндісі әзірге табылмаса да.

Енді негізгі тақырыбымызға оралсақ, осы уақытқа дейін ел ағасы Жаңбыршы ақсақалдың газет шығару ісінің басы-қасында болғаны аудан халқына белгісіз болып келді. Енді анықталып, ақиқатында ол кісінің әріптесі, баспашы, яғни қара жұмысшы және редактор болғанын жерлестерімізге жеткізудің сәті осылай түсті.

Жаңғабылов ескі Батпаққарада біте қайнап бірге өскен, мектепке де бірге барған қияметтік досы Ғабдол-Ғазиз ақсақал қайтыс боларынан бір жыл бұрын, 1998 жылы:



- Сендер Жаңбыршының іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеті мол болғанын білмейсіңдер. Ол өзі жетім өсіп, жетілген жігіттердің бірі болды. «Талапты ерге нұр жауар» дегендей Алла таланын ашып, бағын жандырды. Комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, аудандық партия комитетінде насихат және үгіт бөлімінің басшысы, редактор, Ленин колхозының төрағасы, «Коммунизм жолы» совхозының алғашқы директоры, өндіріс артелінің директоры, Амангелді селолық атқару комитетінің төрағасы секілді қызметтердің бәрін де абыроймен атқарды. Ленин колхозын аудандағы алғашқы миллионер колхозға айналдырды. Сол колхозда ауданның малшы-шопан, механизаторларының балаларына және тұрмысы төмен жетім балаларға арнап В.И.Ленин атындағы мектеп-интернатты ашты. Мектеп және бірнеше жатақханалар салдырды. Соның бәрі нарықтың алғашқы кезінде әлдекімдердің қара басының қамы үшін жермен-жексен етіліп, қолдан құлатылды. Енді мектептің ғимараты әртүрлі желеумен құлатылмай сақталса, дұрыс болар еді - деген еді.

Ғазекен діндар, хақ жолына адал адам ғой, бекер уайымдампапты. Айтқанындай сол мектеп ғимараты 2003 жылы қолдан құлатылды. Сонда сол мектепте әр жылдарда мұғалім, директор болған ұстаздар қатты қапаланды. Мектептің құл-талқан етілуі – жақсылыққа апармады. Ақыры қайырсыз болды...

Жаңбыршы аға 1971 жылы зейнеткерлікке шыққан соң А.Иманов мемориалдық музейін басқаруға жіберілді. М.Дулатов көшесіндегі (бұрынғы Совет) аудандық мәдениет бөлімінің шағын ғимаратындағы әрі тар, әрі жалғыз бөлмеге орналасқан, аты музей, заты неркүмен, экспонаттары жоққа тән сол мекемені үлкен де іргелі мәдениет ошағына айналдыра білді. Музейге керекті түрлі экспонаттар мен тарихи жәдігерлерді, тұрмыс-салт құралдары мен әбзелдерін, жиһаздарды, түрлі құжаттардың көшірмелерін жан-жақтан жинады. Қасына жас мамандарды ертіп алып, сол кездегі астанамыз Алматыға, Ақтөбе мен Қостанайға әлденеше рет барды. Бір рет Орынборға да барып қайтты. Осындай тынымсыз еңбектің арқасында музей мұралары тез толықты.

2

Жаңғабылов А.Иманов мемориалдық музейіне директор етіп тағайындаған анау-мынау кісі емес, есімі Қазақ еліне кеңінен танымал, Торғай обкомының идеологиялық хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков болатын. Ол кісі кішкентай шағын музейді шын мәніндегі өркениетті талапқа сай музей етіп шығару – Жаңбыршы ақсақалдың ғана қолынан келетінін жазбай таныды. Өз-аған бірер сәт әңгімелесіп-пікірлескенде-ақ Жәнібеков білім-парасаты, іс-тәжірибесі, мінез байлығы және басқа да кісілік қасиеттері мен қабілеттерінің деңгейі жоғары екенін білді. Сондықтан да, ауданның сол кездегі бірінші хатшысы Сартай Омаровқа А.Иманов мемориалдық музейіне Жаңбыршы ақсақалды директор етіп тағайындатуы тапсырды. Омаров обком хатшысының ұсынысын қолма-қол шешті және Жәнібеков те, Омаров та Жәнібеков ұсыныстарын қолдап отырды. Сол қолдаулардың нәтижесінде Жәнібеков А.Иманов музейінің көркейту үшін оған жаңа ғимарат салуды ұсынды. 1916 жылғы Торғай көтерілісі туралы Жәнібеков пен Омаровқа жап-жақсы мағлұмат берді. Ұлт-Азаттық қозғалысының 60 жылдығына дейін ғимарат салу ісін аяқтауды, сол сияқты, Қоғалыққа ауылындағы 1916 жылы Құрылтай өткен Мұхамеджан Бүркітовтің Қызыл үйін сол музейдің қасына әкеліп қайта салу туралы да ұсыныс жа-

сады. Жәнібеков бұл ұсынысы да қабылданды. Үй иесі Ыбырай Тәшпановқа Қоғалыққа ауылының ортасынан үлкен үй салынып берілді.

1976 жылы күзде А.Иманов музейінің жаңа ғимараты салынып бітіп, пайдалануға берілді. Ескі музейдегі заттар мен жаңадан жиналған көп экспонаттар, құнды құжаттар, батырдың тұтынған құралдары, көтеріліске қатысқандардың суреттері т.б. жәдігерлер жаңа музейге орналастырылды. Олардың әрқайсысының астында қандай экспонат немесе құрал-жабдық, құжат т.б. екені туралы шағын анықтамалар жаздыруға аудандық баспаханаға тапсырыс беріліп, тиісті көлемде басылып шығарылды. Жәнібеков бұл жұмыстарды да үнемі жіті бақылап отырды. Баспаханаға бірнеше рет өзі келіп, тапсырыстың орындалуын қадағалағанын талай рет көзіміз көрді. Сол тапсырыстардың қаржысын қолма-қол аудартып беріп, баспахананы біраз пайдаға кенелтті.

Әрине, Жәнібеков де өз қолымен салдырған көп ғимараттар ең арғысы мектеп-интернаттыңа дейін жермен-жексен болды. Бір ол кісінің емес, талай директорлардың салдырған құрылыстары бүгінде жоқ... Қазіргі жастар небір жақсы ғимараттар салынды дегенге сенбейді... бар болса – неге тұрмайды? – дейді.

Есесіне Жәнібеков өз қолымен салдырған Амангелді ата музейінің ғимараты селонның қақ ортасында ардақты ақсақалдың зор еңбегінің белгісіндей болып еңселеніп тұр. Осы ғимаратта алғашқы директор орынтағына отырған да өзі. Алла қаласа, **Жәнібеков салдырған бұл музей Торғай Азаттық көтерілісінің 100 жылдығы қарсаңында мемлекет қамқорлығымен күрделі жөндеуден өтсе, аудан орталығының әсіресе, билік ғимараттары орналасқан ансамбльдің көркінің сәндеп, салтанатын асыра түсер еді. Мұндай істі Аллатағала да, Амангелді атамыздың аруағы да хош көрері анық.**

Жаңбыршы ақсақал А.Иманов музейінде 1971-1980 жылдар аралығында директор болды. Жасы 70-ке келген соң имандылық жолын ұстанды. Аудан ақсақалдары бас қосқан жерде аталы сөзін айтып, батасын берді. Аудан халқын ынтымақ-бірлікке шақырды және өзі ақсақалдың қандай болатынын ісімен де, сөзімен де көрсетті. Ол кісі әңгіме айтқанда жұрт сілтідей тынып тындайтын. Жарықтықтың түр-тұлғасы, кескін-кейпі, сөз саптау, әңгіме айту мәнері қандай көркем еді десеңізші?! Алайда сол тұста бұрын Амангелдіде аудандық партия ұжымының хатшысы болған Мырсалық Исмаилов (оған дейін партия ұжымында 1924-1927 жылдарда Сейтбек Қалиев, одан соң Әлмағанбет Махатов хатшы болған) 1986 жылы КПСС Орталық Комитетіне ауданымыздың ардақты ақсақалдары, карт коммунистері Ж.Жаңғабылов, М.Әбішевтер мен ауылдасы, қайыңдылық Н.Мурзиннің үстінен оларды армансыз жамандап, қатаң жазалауды сұрап, арыз жазды. Сондағы айтқаны: «Коммунист Жаңбыршы мен Мәулен молдалық құрып, Ислам дінін насихаттап, табыс тауып жүр. Коммунистік идеяға қарсы әрекет етуде. Нүридден молда да осылар секілді зиянкестік жасауда. Бұлардың алғашқы екеуін партиядан шығарып, жазалау керек, олай істесек коммунистерге, жастарға үлгі болады. Ал Нүридденді тәркілеу керек» деген оттаубай еді. М.Исмаилов бұл аздай 1986 жылдың қыркүйек айында Нүридден молданың ар-намысына тиіп, «Торғай таны» газетіне фельетон жазды...

М.Исмаиловтың сол арызы Жәнібеков есепте тұратын аудандық мәдениет бөлімі бастауыш партия ұйымының жиналысында, ал Мәулен ақсақалдың мәселесі «Коммунизм жолы» совхозы бастауыш партия ұйымының жиналысында қаралды. Коммунистер бұл екі кісіні де қорғап, елге еткен зор еңбектерін кеңінен көрсетіп, жазалаудан сақтап қалды. Оның үстіне аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Амангелді Төлеубайұлы Садырбеков те ауданның қос бірдей абыз ақсақалын ағаш белсендінің арызына бола жазалауға жол бермеуді аталған бастауыш партия ұйымдарының хатшыларына қатаң тапсырды. Осылайша, Мәулен, Жаңбыршы ағаларға әуелі Алла, сосын билік басындағы азаматтар қамал-қорған болды. «Ардақты ақсақалдарымызды қорғап қалмасақ, елдігіміз бен кісілігіміз қайсы?! - деді Амангелді Төлеубайұлы.

Оның бұл сөзі халықтың көңілінен шықты. Шындығында да Жәнібеков қолына қалам ұстаса - шебер журналист, сөйлесе – шашасына шаң жұқпас шешен, көш бастаса – кең пейілді көсем, әңгіме айтса – парасаты мен ғибраты қатар өрілген кеменгер кісі еді. Төзімді де сабырлы болатын. Тұңғышы - Батырдың, одан соң өмірлік серігі Күлдірайхан апайдың, ақыр соңында жасы 90-ға келгенде Мәлігінің қазасы ол кісіге қатты тиді. Әсіресе, Мәлігінің өмірден кенеттен, күтпеген жерден өтуі - тұла бойын тітірлетіп, жүрегін тілімдеп кетті. Жәнібеков өзі түгілі сол қаралы хабарды естіруге барған біздерге де ауыр тиді. «Мәлігім-ай, маңдайыма сыймай кеттің-ау, қайтейін, қарағым-ай» - деп Жәнібеков еңкілдеп жылап жібергенде біріміздің де көзімізге жас тығылып, теңселіп кеттік...

Мәлігінің қазасынан кейін бір жылға жетер-жетпесте бұл жалғаннан қайран асыл аға Жәнібеков өзі де озды...

...Жылдар зулай берер, уақыт өтер, ұрпақтар алмасар, бірақ Жәнібеков секілді еңбегі - ерен, кісілігі - көркем, ісі - ізгі, азаматтығы - асқақ, ақсақалдығы - абыз, жолы - жарқын текті тұлғасын туған елі ешқашан ұмытпас, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізер.

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Суретте: алғашқы баспагер ғәм редакторлардың бірі Жаңбыршы Жанғабылов ақсақалдың «Коммунизм жолы» совхозында директор болып жүрген әйгіл ағасы кезі.

Сайлау - 2015

АМАНГЕЛДІ АУДАНЫ САЙЛАУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

26 сәуір 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді. Дауыс беру аудан аумағында құрылған сайлау учаскелерінде сағат 7.00-ден 20.00 дейін өткізіледі.

Нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады.

Сайлаушылар тізіміндегі өздері-ніз туралы деректерді тексеруге және дауыс беретін

учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері туралы мәліметті Call-орталықтан (ақпараттық орталық) біле аласыз, байланыс телефоны 8(71440)22-0-13.

2015 жылдың 10 сәуірінен бастап тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар тізімімен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар жөніндегі деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

Амангелді ауданы әкімі аппараты

ХАБАРЛАНДЫРУ

2015 жылдың 27 наурызы күні сағат 10.00-де «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы ғимаратында аудандық филиал төрағасы, аудан әкімі Ж.Қ.Тауенов қоғамдық қабылдау өткізеді.

Қабылдауға алдын-ала жазылу 2-15-28 телефоны арқылы жүргізіледі. Мекен-жайы: Амангелді селосы, Маметова к-сі, 4 үй.

«Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы.

ТҮЗЕТУ

«АА» газетінің 7-13 наурыз 2015 жылғы №10(7652) санының 6-бетінде жарияланған «Құрметті сайлаушылар» хабарландыруындағы 2-ші абзац **«Сайлау 29 наурыз 2015 жылы сағат таңертеңгі 07.00-ден кешкі сағат 20.00-ге дейін өтеді»** деп түзетіліп оқылсын.

Осы нөмірдегі «Хабарландырудағы» **«№2 округтік сайлау комиссиясының отырысы 29 наурыз 2015 жылы жергілікті уақыт бойынша сағат 21.00-ден басталып, сайлау нәтижесі аяқталғанға дейін №228 сайлау учаскесінде өтеді»** деп түзетіліп оқылсын.

ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТҮЛЕТКЕН ТЫНЫБАЕВТАР Үрпек ауылдық округінің мақтаныштары



Бұл жұмыста да абырой арқалаған Мырзекен әрдайым еңбектің алғы сапынан көрініпті. Осыдан 1-2 жыл бұрын сап-сау жүрген ақсақал қазір науқастанып қалыпты.

- Е, қарағым, біз не көрмедік. Соғыс басталғанда мен 12 жастағы бала едім. Еразаматтар майданға кеткен соң үлкен ақсақалдармен бірге колхоздың шаруасына кірістік. Ол кезде ішер ас, киер киім тапшы, жартылай ашжалаңаш жүріп қарт аталарымызбен бірге мал өсірдік.

Оқу оқи алмадық. Одан соң механизатор болдық. Сақылдаған сары аязда талай рет далада қалып, зардап шектік. Соның салдары болар былтырдан бері димкестанып қалдым. Бірақ Бүркітім мен келінім Самал мені алақандарына салып, аялап бағып отыр. Бәйбішем қайтыс болған. Сегіз баламның ішінде қолымда болғандықтан ба, Бүркітімнің орны ерекше. Үлкен қызым Гүлшара - Арқалықта, одан кейінгі Теміржаным - Астанада, Ақлимашым да сонда, Ақсұлуым - өзіміздің Ағаштыкөлде тұрады, Розам мен Миранкүлім - Арқалықта, Гүлім - Үрпекте. Аллатағала маған Самалдай жақсы келін сыйлады. Аталап, сыйлап тұрады. Бүркітім былтырдан бері талап қылып, өзімнің жолымды қуып, мал өсіруді бастады. Маған «Әке, ауылда тұрған соң бәрібір не бітіреміз, не сие алып, мал өсірейін» деді. Мен баламның мұнысына риза болып, қолымды жайып, ақ батамды бердім. Әкенің батасы - қымбат қой. Шүкір, жаман емес, өз қатарластарының алды. Өте елгезек, қай уақытта болмасын кісіге көмектескісі келіп тұрады, тілім - тасқа! - дейді Мырзекен.

Біз Бүркіттің малын аралап көрдік. Қай малының болмасын күйі жақсы екен. Шөбі сарғыш болса да құнарлы да қызулы екені айтпай-ақ көрініп тұр.

- Алла қаласа, биелерімді үйретіп, қымыз өндірсек деп отырмыз. Бұл шаруаға зайыбым Самал өте ынталы. Қазір екі адамға жұмыс беріп отырмын. Бір жұмысшым - Мейрам деген жас азамат. Ол да малды өзіммен бірдей бағып, қағып, жәрдемін жасауда. Бір жұмысшым самалдың өзі. Жағдайымыз жаман емес. Жастарға қамқорлық жасап отырған Елбасымызға шексіз ризамыз! Ол кісінің Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер болып ұсынылғанын теледидардан көріп, отбасымызбен қуандық. Әкем болса: «Қазақстанға Нұрсұлтаннан артық Президент жоқ. 24 жылдан бері елімізді ың-шыңсыз бағып-қағып, әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосамын деп тыным таппай жүр. Ойға да, қырға да барады. Олардағы жақсы істерді көріп,



елімізді өркендету жолына пайдаланады. Дауыстарыңды осы кісіге беріңдер!» - дейді. Әрине, біз Самал екеуміз әкеміздің бұл сөзін толық қолдаймыз! - дейді Бүркіт.

Оның Аяғөз, Сағадат деген екі баласы бар екен. Аяғөз - Көкшетаудағы Ақан Сері атындағы Өнер колледжінің сурет бөлімінде оқып жүр екен.

Аяғөздің салған суреттері Бүркіттің үйінің төрінен орын алыпты. Соларды тамашалап, оның баласының өнеріне сүйсіндік. Ал екінші балалары Сағадат - Үрпек ауылының орталығындағы Жаңауыл орта мектебінде 8 сыныптың оқушысы көрінеді. Ол да өнерлі бала.

- Мен әуелде Арқалықтағы қалалық кәсіптік-техникалық училищеде оқып, білім алдым. Техника тілін жақсы білемін. Жеке меншік жеңіл көлігім де бар. Қолымнан талай шаруа келеді. Әйелім екеуміздің ынта-ықыласымыз бір жерден шыққан соң бар шаруа-мыз оңға басып келеді. Самал әруақыт мені қолдап отырады. Шаруа жағдайын жақсы біледі. Жалпы, көршілес Торғайдың қыздарының қай-қайсысы болмасын тұрмыс-тіршілікке икемді ғой! - деп жымияды Бүркіт.

Сұрастыра келгенде ауылдық округ әкімі Ғалымжан Жақыбаев та ол туралы жылы лебіз білдірді.

- Бүркіт Мырзағалиұлы ауылдымыздың бетке ұстаймын азаматтарының бірі. Ағаштықөл ауылындағы сайлау учаскесінің төрағасы.



зал! Бүркітке Үрпек ауылдық округінің халқы дән риза. Әкесі Мырзағали ақсақал да нағыз еңбек адамы болған кісі. Баласына, ауылдастарына ақыл-ақыл айтып, еңбек етуге шақырып отырады, - дейді округ әкімі Ғалымжан Тұрлығұлұлы.

Әрине, ауданымызда сүттей ұйыған, тірлігі бекем жақсы отбасылар аз емес. Тыныбаевтар - сондай шаңырақтың бірі. Ауылдастары арасында сыйлы, атқарып отырған жұмыстарына адал, көрші-көлемге, ауылдастарына әрдайым көмек қолдарын созып отырады. Ата-бабадан жалғасқан қазақы мінез, салт-дәстүр - бұл шаңырақтың бәк-берекесі іспеттес. Аллатағала «Мен жақсылықты инабатты, иманды отбасыларға беремін» деген ғой. Бүркіттің болашағынан көп үміт күтуге болады. Оның - ой-өрісі кең, таным-түсінігі - жоғары. Ауылдағы Таңатар Ахметов, Минерал Оспанов секілді ағаларын өзіне үлгі етеді. Ол күні кеше 41 жасқа толды. Қазақ «Қырықтың бірі - Қыдыр» деп бекер айтпаған ғой. Осы жасында төрт түлік мал өсіру жөнінде іс бастаған Бүркіттің бейнетінің зейнетін көріп, еңбекте жоғары жетістіктерге жететініне сенім мол.

- Біздің ауданымызда Бүркіт секілді іс бастап отырған жақсы азаматтар аз емес. Аmandық болса, жер аяғы кеніген соң олардың да жасап жатқан жұмыстарын көріп, халыққа таныстыруымыз керек. Өз басым Бүркіт Мырзағалиұлының қазіргі жасап жатқан жұмыстарына дән ризамын! - дейді аудандық жұмыспен қамту орталығының бас маманы Мұратбек Сейілбекұлы Әбдіков.

Бір сөзбен айтқанда Бүркіт пен Самал Тыныбаевтар - қазіргі заманның талабына сай отбасы иелері. Оларды қай жағынан болсын үлгі етуге болады. Шаңырақтары шаттықты, еңбектері жемісті, ынтымақ-бірліктері келісті. Мемлекеттік бағдарламаға қатысып, іс бастауы ауданымыздың бос жүрген талай жастарына үлгі-өнеге деп білеміз.

Х.МӘУЛЕНҰЛЫ

Суреттерде: Бүркіт Тыныбаев Наурыз күні мерекесі қарсаңында Қой жылы табысты жыл болсын деп қойларын құшақтап тұрған сәт (1 бет); Бүркіттің әкесі тыл және еңбек ардагері, байырғы атақты механизатор, аға шопан Мырзағали Тыныбаев ақсақалдың баласы мен келіні Самалға берер ақыл кеңесі мол; Бүркіттің жылқылары мен ірі қаралары; студент баласы Аяғөз Бүркітқызы Тыныбаеваның салған суреті.

Суреттерді түсірген автор.

Жастарға кеңес

Наурызкөже қалай дайындалады

Наурыз мерекесі жақындаған сайын әрбір отбасы Наурыз көже жасауды міндетім деп санайды. Тіпті білмейтін жас жеңгелеріміз үлкен адамдардан ақыл-кеңес сұрап, Наурыз көжеге не қосу керектігін саралап жатады. Осы тұрғыда біз де үлкен әжелеріміздің біразынан Наурыз көжені қалай жасау керектігін сұрап білдік. Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа



пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласыз. Егер Наурыз көже қоймалжың болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып сұйылтасыз.




Шығыс халықтары үшін жыл қайыру, яғни күнтізбе жасау наурыздан бастау алады. Осыбір күнге үміт артып, «Наурыздың берер несібесі мол» дейтін ырымды берік ұстанған қазақ халқы егемен ел болғалы бұл мерекенің өзіндік салмағын сезіне бастаған сынайлы. Дәстүрімізді дәріптеп, асыл мұраларымыздың бедерін айшықтауда орны ерекше бұл мерекені қазақ халқы «жақсылықтың бастауы» деп ұғады.

Наурыз көже - ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т.б.) де қосылады. Ол негізінен бидай көже, тары көже секілді әзірленген (қысқаша Көже). Наурыз көжені халық арасында «тілеу көже», «көп көже» деп те атай береді. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: «ақ мол болсын» деген тілек айтып тарқасады.

Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласыз. Асыңыз дәмді болсын!

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА



Аудан әкімі және аудан активі Үрпек ауылдық округінің әкімі Ғалымжан Тұрлығұлұлы Жақыбаевқа аяулы анасы **Шәруән ОСПАҢҚЫЗЫНЫҢ** ұзаққа созылған науқастан қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - **Х.Қ.МҰСАБАЕВ**

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аппасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 549

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.